





Оқушылар жетістіктері

????МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ АЗИЯ ОЙЫНЫНАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ ????

«Азия ойындары – Гонконг» турниріне әлем назары ауған тұста, біз де тақым қыстық. Өйткені батутта секіруден жасөспірімдер арасында Жақсылық Әбілмансұр деген шәкіртімізден хабар күтіп отырдық. Қаршадай ғана қазақ баласы сен тұр, мен атайын деген елдердің спортшыларымен бақ сынасты. Жай ғана сынасқан жоқ, жеңіс тұғырына көтерілгендер қатарынан көрінді. Жалпы, бұл құрлықтық додаға 10 мемлекет өздерінің кіл мықты спортшыларын әкелген болатын. Шымкент қаласы Қаратау ауданы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектеп оқушысы Азия ойындарының қола медалін жеңіп алды. Қытай халық республикасының Гонконг қаласында өтіп жатқан XX Азия ойындарында шымкенттік өрен жүлдегер атанды. Ол – біздің шәкірт Жақсылық Әбілмансұр. Жерлесіміз батут гимнастикасынан финалдық жарыста өнер көрсетіп, III орын иеленді. Әбілмансұрды 2014 жылдан бері жоғары санатты жаттықтырушы, спорттық акробатикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Андропова Любовь Ивановна жаттықтырады. Айта кетейік, 16 жастағы шәкіртіміз 25-тен аса елден келген жарысқа қатысушылардың ішінен жеңіс тұғырына көтерілуі – әлемді елең еткізген оқиға болды. Әбілмансұр 4 жасынан бастап батут гимнастикасымен айналысады. Халықаралық спорт шебері, жасөспірімдер арасында екі дүркін әлем чемпионы. Ендеше 4 жасынан бастап спортпен айналыса бастаған қаршадай қазақ баласының жетістіктеріне тоқталсақ: 2023 жылы  Жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионатында (26.01-01.04.2023) батуттық гимнастика  I орын Синхронды секру I орын 13-14 жастағы балалар арасында Қазақстан чемпионаты (16-22.05.2023) I орын Павлодарда өткен халықаралық турнирде  (23-28.06.2023) III орын 2023 жылы Қазақстан чемпионатында (15-21.09.23) II орын  Англияның Бременгем қаласында өткен әлем чемпионатына қатысушы 2024 жылы

✔ Петропавл қаласында Л.И. Ямкольский атындағы халықаралық турнирде (12-17.01.2023) I орын ✔ Алматы қаласы жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты (18-24.03) I орын 2024 жылы ✔ ҚХР Гонконг қаласы Азия чемпионаты (9-13.05.2024) III орын. Турнирге қатысушылар: Қытай, Жапония, Өзбекстан т.б, елдер Қазақстанда, оның ішінде Шымкентте, С.Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОББМ-да батуттық гимнастикадан әлем чемпионы, олимпиада чемпионы шығып келе жатқан сыңайлы. Ал біз оның отбасына амандық, деніне саулық, жарақаттан саулық тілей отырып, жарқын жеңістеріне жанкүйер болудан шаршамаймыз. Алға, Әбілмансұр! Әлемге таңдай қақтырып, олимпты шыңын бағындыр! [ТОЛЫҚ](#)

- Все
- Gallery Item



1





2

Lorem ipsum dolor sit amet, consectetur adipiscing elit.

Quidem, provident.







5





